



Ембі ТЫНЫСЫ

№10 (115)
ҚАЗАН
2023 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Ұлттық мерекедегі марапат



«Ембімұнайгаз» АҚ-да ұлттық мереке – Республика күніне арналған салтанатты шара өтті. Мерекелік жиынға өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен орталық басқару аппаратының қызметкерлері және табысты еңбегімен ерекшеленіп, марапатқа ие болған бір топ ембілік мамандар қатысты.

Салтанатты шарада ұжымды «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов құттықтап, тәуелсіздік жылдарындағы ел экономикасының дамып, қазақстандықтардың әлеуметтік жағдайының айтарлықтай жақсарғанын, бұл табысты ембіліктердің де қолтаңбасы барын ерекше атап өтті.

«Егемендік алғаннан бері «Ембімұнайгаз» дамуға тың серпін алды. Елімізде 100 жылдан астам уақыт тоқтамай, үздіксіз жұмыс істеген мекемелер санаулы. Сол аз кәсіпорынның бірі екенімізді әркез мақтаншыпен айтамыз. Кәсіпорынның ғасырлық тарихын мұнай өндірушілердің бүгінгі ұрпағы сәтті жалғастыруда. Еліміз көркейе берсін! Қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін!» деді С.Арынов.

Салтанатты шара барысында Компанияның бір топ қызметкерлері «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы және Алғыс хатын иеленді.

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫН ИЕЛЕНГЕНДЕР:

Мақсат Рахметуллин, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның экономикалық талдау бөлімі бастығының орынбасары;
Дулат Жанасов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Мақаттағы мұнайды дайындау және айдау цехы бастығының орынбасары;

Бауыржан Мұқышев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы;

Ермек Ермұханов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның қабат қысымын ұстау жөніндегі операторы;

Нұржан Досов, «Ембімұнайэнерго» басқармасының электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері;

Ринат Кенжеғариев, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының ТМК бақылау жүргізу учаскесінің күзетшісі;

Анар Анетова, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның кадрларды дайындау инженері.

АЛҒЫС ХАТПЕН МАРАПАТТАЛҒАНДАР:

Дастан Аманғалиев, «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің аға маманы;

Гүлшара Шихиева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-ның химиялық анализ лаборанты.

АСТАНАДАН ЖЕТКЕН ҚУАНЫШ

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері мемлекеттік марапаттарға ие болды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 16 қазандағы Жарлығымен қос әріптесіміз «Ерен еңбегі үшін» медалін иеленді.

«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай-газ өндіру операторы Ізімқайыр Бекмағамбетов пен Өндірісті автоматтандыру және ақпараттық технологиялар департаментінің директоры Болат Нсанбаев жоғары марапатқа ие болды.

Сонымен қатар, облыс көлемінде өткен салтанатты шарада «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай-газ өндіру операторы Дүйсембай Ержанғалиев III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.

Әріптестерімізді құттықтаймыз!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді Ұлттық валюта – теңге күні және Қазақстан Республикасы қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймыз!

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қаржы жүйесі әлі де толық қалыптаспаған кезде ұлттық валютаны жариялау маңызды қадамдардың бірі болды. Өйткені, теңгенің айналымға түсуі егеменді Қазақстанның қаржылай да тәуелсіз екенін жария етуінің көрінісі еді.

Кезіккен көптеген қиындықтарға қарамастан, батыл шешім қабылданды. Биыл теңгенің айналымға енгеніне – 30 жыл. Бүгінде ақша бірліктері мемлекеттің дамуында маңызды роль атқарады. Оларсыз мемлекетаралық қатынастарды орнықтыру мүмкін емес, мемлекет ішіндегі қаржы операцияларының бірін де орындай алмайды. Қолданысқа енгізілген уақыт ішінде төл ақшамыз – теңге талай өтпелі кезеңдерді артқа тастады.

Қаржының мақсатты жұмсалуды – әр кәсіпорынның дамуына жасалған қадамның бірі. Жалпылама алғанда, мұқияттылық пен табандылықты қажет ететін қаржыгерлер еңбегі әркез жоғары бағаланады.

Қымбатты қаржыгерлер, сіздерді кәсіби мерекемен құттықтай келе, ел мүддесі, Компания дамуы жолындағы жұмыстарыңызға табыс, дендеріңізге саулық тілейміз!

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы



МАРАПАТ



«Ембімұнайгаз» АҚ – үздіктер қатарында

Астана қаласында 5 қазан күні «Қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы көшбасшылық» тақырыбымен Бас директорлардың дәстүрлі VIII форумы өтті. Оған еліміздегі мұнай-газ секторындағы компаниялардың басшылары мен еңбек қауіпсіздігі саласына жауапты мамандары қатысты.

Шара барысында өндірістегі қауіпсіздік тақырыбы кеңінен қозғалып, Компания басшылары өз мекемелеріндегі тәжірибелерімен бөлісті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев шараның қорытынды сөзінде қауіпсіздік ережесіне баса мән беріп, кез-келген мекеменің басты құндылығы – адам және оның өмірі екеніне тағы бір мәрте тоқталды.

«Бүгінде ҚазМұнайГаз қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға және бізбен жұмыс істейтін кез-келген адамның денсаулығын қорғауға, сондай-ақ кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердің экологиялық тұрақтылығын сақтауға басымдық береді. Біз үшін бұл құндылықтар үлкен маңызға ие», – деп атап өтті ҚМГ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиев.

Форум соңында ҚМГ компаниялары мен еншілес

кәсіпорындарының ұжымы мен жекелеген қызметкерлері өндіріс қауіпсіздігіне, еңбек және қоршаған ортаны қорғау ісіне қосқан үлестері үшін марапатталды.

Солардың қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ да бар. Қоршаған ортаны қорғауға қосқан зор үлесі, келісімшарт аясында бекітілген аумақтағы тарихи ластанған жерлерді тазартуды толық аяқтағаны және Атырау қаласы маңында жасыл белдеу құруға қатысты Меморандумға сәйкес 9 мыңға жуық көшет отырғызғаны үшін «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов марапатқа ие болды.

Сонымен қатар, «Ембімұнайгаз» АҚ «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнайды дайындау және айдау цехының

Ерболат ҚУАНЫШАЛИЕВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ мұнайды дайындау және айдау цехының шебері:

– Қай жаңашылдық болмасын, қоғамға, ортаға етене еніп кетуі үшін белгілі бір уақыт керек екені белгілі. Сол секілді «Қорғау» картасы енгізілген бастапқы кезеңдерде оның маңызын толық түсінбегеніміз шын. Алайда, уақыт өте келе, оның аса қажетті, дұрыс бастама екенін түсіндік.

Соған сай, қазіргі уақытта әр вахталық ауысымға келген сайын өзіміздің лауазымдық міндеттерімізді атқарумен қатар, «Қорғау» картасын толтыруға да мән береміз. Өйткені, ол – кез-келген қауіпті жағдайдың алдын алуға, бұзушылықтарды жоюға көмектесетін мүмкіндік.

Қауіпсіздік – бәрімізге ортақ мақсат болғандықтан, барлық мәселеге де бей-жай қарамауға тырысамыз. Мәселен, соңғы толтырған «Қорғау» карталарымның бірінде түнгі мезгілде жер қазып жатқан мердігер мекеменің жұмысын көрсеттім. Олардың қолында жерасты коммуникациялық желілерінің сызбасы да болмады. Осыдан соң, олар жұмысын тоқтатып, күндізгі мезгілде, қажетті мамандардың қатысуымен, сызбаларды қарап тұрып, жұмыстарын жалғастырды.

Тағы бір оқиға: Мердігер мекеменің тұрбаларды тіреуішсіз жинап жатқанына куә болдым. Көлемді тұрбалардың біреуі сырғып кетсе, олар құлап, адамдар зардап шегуі немесе өзге де қателіктерге жол берілуі мүмкін. Осы фактіге орай, «Қорғау» картасын толтырдым.

Астанадағы форумға шақырту алып, қатысып келгенім – мен үшін үлкен мәртебе. Еңбек өтілімде бір-ақ мекеме – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы. Басқармада 30 жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келемін, қарапайым жұмысшы болып бастаған еңбек жолым шебер лауазымына дейін жалғасты. Ал, қауіпсіздікті сақтау бағытындағы осынау еңбегімнің еленгені ортақ мерей деп білемін. Себебі, қауіпсіздікті сақтау – баршаға ортақ талап.

шебері Ерболат Қуанышалиев қауіпсіздік картасының үздік бақылаушылары қатарынан табылып, сертификатқа ие болды.

Айта кетейік, «Қорғау» қауіпсіздік картасы еңбек және қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік саласындағы қауіп-

қатерлерді басқаруға мүмкіндік береді. ҚМГ-нің еншілес ұйымдары мен мердігер компанияларының қызметкерлері бұзушылық фактілері анықталған кезде немесе еңбек қауіпсіздігінің жүйесін жақсарту бойынша ұсыныс енгізу үшін толтырады.

ҚОҒАМ

Кәсіподақ – алтын көпір



Азаматтық қоғамдағы кәсіподақтар ролін нығайтуға және дамытуға ықпал етіп, жұмысшылардың құқықтарын қорғауға, жұмыс берушімен қарым-қатынаста олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған атаулы күн таяуда аталып өтті.

Кәсіподақтар күніне орай, «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов Компанияның өндірістік-құрылымдық бөлімшелеріндегі кәсіподақ комитеттері төрағаларын арнайы құттықтады.

«Кәсіподақ – алтын көпір. Оның жұмысы сырт қарағанда оңай көрінгенімен, үлкен жүк, зор жауапкершілік. Жұмысшылар мәселесінің әркез оңтайлы шешілуі жолында жұмыстанып, олар көтерген проблемаларды, ақпаратты басшылыққа дұрыс жеткізу оңай жұмыс емес. Сондықтан, абыроймен атқарып жүрген қызметтеріңізге табыс тілеймін. Ынтымақтастық, даму жолында жетістіктерге жете беріңіздер» деді Сәбит Әбілдаұлы құттықтау сөзінде.

Жиын барысында «Ембімұнайгаз» АҚ кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат Нсанбаевқа «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтің және «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арыновтың құттықтау хаты табысталды. Сонымен қатар, Компанияға қарасты «Жылыоймұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары мен «Ембімұнайэнерго», «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармаларының кәсіподақ комитеттері төрағалары Қазі Бисенов, Кенжебай Айдарбеков, Еркінбек Мырзашев, Самат Мұхамбетов, Сүндет Шеруенов, Самат Орамахов және басқару аппаратының кәсіподақ ұйымы төрағасы Асылбек Жұмабаевқа Компания басшылығының құттықтау хаты табысталды.

Кәсіподақ саласы қызметкерлері атынан сөз алған Болат Нсанбаев өздеріне деген құрмет үшін алғыс білдіре келе, ортақ мүдде жолындағы жұмыстарды жалғай беру мақсатындағы жоспарларынан хабардар етті.

ӨНДІРІС САПАРЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов бастаған жұмыс тобы «Жылыоймұнайгаз» және «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында болды.

Топ мүшелері ең алдымен, Компания демеушілігімен салынып жатқан Құлсары қаласындағы ерекше балаларға арналған 150 орындық коррекциялық кабинеттің құрылысымен танысты. Мердігер мекеме өкілдерімен кездесіп, салынып жатқан нысанның қазіргі ахуалын саралады.

Бұдан соң, басқарма бастығымен өткізілген кездесу барысында өндірістік көрсеткіштер, қазіргі атқарылып жатқан жұмыстар және алдағы жоспарлар жайы сөз болды. Мердігер мекемелермен жұмыс, құрылыс тақырыптары да назарға алынды.

Ал, басқарма аппаратының бөлім басшыларымен өткен кездесуде 9 айдың қорытындысы бойынша мұнай өндірісі көрсеткіштерін жоспарға сай орындаған ұжымға рахмет айтып, жылы да осы бағыттан таймай төмамдау туралы атап өтті.

Сонымен қатар, «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасына қарасты Прорва кен алаңындағы газды дайындау және күкірт алу цехының жұмысына қатысты да айтылды. Осы уақытқа дейін ұнтақты күкіртті алу бағытында жұмыстанып келген цехта ендігі уақытта Lo-cat технологиясы бойынша балқыту қондырғысы мен түйіршіктелген күкіртті алу қондырғысы іске қосылып, жандандырылуының нәтижесінде тауарлы түйіршекшелген күкірт алуға мүмкіндік ашылып отыр. Компания басшысы осынау

маңызды жұмыстарды жолға қойып, өндірістік жана көрсеткіштерге ұмтылған ұжымның жұмысына сәттілік тіледі.

Басқарма аумағындағы «Мұнайшылар саябағына» жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттігі – біраздан бері көтеріліп жүрген мәселелердің бірі. «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов осы іссапар барысында аталған демалыс орнының қазіргі жағдайымен толық танысып, саябақ аумағындағы мұражайды да қарады.

Сапар соңында Құлсары қаласының сыртындағы өндірістік аймақтағы 32 орындық «Құлсары» жатақханасы мен сол жердегі 24 орындық асхананы аралап, әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысты.

Бұдан соң, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының өндіріс нысандарымен танысуды мақсат тұтқан сапар барысында жұмыс тобының мүшелері күрделі құрылыс нысандарына да барды.

Алдымен, С.Балғымбаев кен орнындағы «Ембімұнайэнерго» басқармасына қарасты «Жайық» аудандық электр торабының өндірістік ғимаратының құрылыс барысымен танысты. Сондай-ақ, Оңтүстік Шығыс Новобогат кен орнынан өндірілетін ілеспе газдан электр энергиясын өндіру процесі бойынша, Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнында жүріп жатқан құрылыс жұмыстарын да қадағалады. Бұл кен орнының мұнайды дайындау учаскесіндегі қазанның құрылысы – жұмыс тобының назарға алған нысандарының қатарында. Компания басшысы басқарманың өндірістік аумағындағы күрделі құрылыс нысандарының сапалы

жүргізілуі мен бекітілген уақытта аяқталуын қатаң қадағалауды тапсырды.

Басқарма бойынша жоспарланған мұнай өндіру, тапсыру көрсеткіштерін орындау және соған бағытталған ұйымдастыру, геолого-техникалық шаралардың орындалуын қамтамасыз етуді қадағалау, орындаудың маңыздылығын атап өткен «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов өндірістік жұмыстарда еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау заңдылықтарын қатаң сақтауын қамтамасыз ету Компанияның басты міндеттері болып саналатынын жеткізді. Сондай-ақ, әлеуметтік саясатты дамыту, жұмысшыларды жайлы жатақханамен қамту, тағамдар сапасына мән беру негізгі ұстанымдардың бірі екенін де атап өтті.

Іссапар барысында нысандарды аралап, нақты ахуалды саралаған Компания басшысы бірқатар тапсырмалар жүктеді. Жоғары білікті қызметкерлер мен тиімді ресурстық базасы бар, қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына сай келетін Компания миссиясын басшылыққа алып, оның құндылықтарын бөлісу ортақ мақсат екенін атай келе, қызметкерлердің біліктілігін көтеру, өндіріс басындағы шеберлердің жауаптылығын күшейту туралы да сөз қозғады.

Өндірістік шығындарды азайту, жаңа озық технологияларды енгізу, пайдаланылатын ток көзін азайту бағытында шаралар жасақтап, орындау, өндірілетін ілеспе газды залалсыздандыру тапсырмалары да күн тәртібінде көтерілді. Басқарманың экономикалық көрсеткіштерін көтеру, жоспарланған жұмыстарды уақытылы орындау негізгі міндеттер қатарында аталды.

КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕС

Горизонталды ұңғымаларды бұрғылау. Полимерлі суландыру. Мұнай-газ өндіру саласы үшін маңызды саналатын аталған екі тақырып «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес мекемелері өкілдерінің қатысуымен ұйымдастырылған кеңейтілген кеңесте талқыланды.

Атырауда өткен ауқымды жиынға қатысқан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ өндіру департаментінің директоры Ержан Абылханов аталған мәселелердің қай-қайсысы да маңызды екенін атап өтіп, алғашқы жиын Астанада ұйымдастырылса, екінші басқосуды Атырау жерінде өткізуге шешім қабылданып, бастаманы қолдаған «Ембімұнайгаз» АҚ алғыс білдірді. Қатысушылар үшін өзекті сауалдарға жауап ұсынылып, тиімді шешімдер сараланатын алаңға айналуына тілектестік білдірді.

Жиында горизонталды ұңғымаларды бұрғылауға қатысты «КМГ Инжиниринг» ЖШС презентация жасап, мұнай өндіру коэффициентін арттыру, шығындарды азайту секілді аталған тәсілдің тиімді тұстарын, сонымен қатар, кездесетін тәуекелдер мен қиындықтар, оларды шешу жолдары, технологиялық құрылысы мен геонавигациялық қолдау шараларын толық талдау нәтижелерімен бөлісті. Презентация барысында «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК ЖШС, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның вертикалды және горизонталды ұңғымалардың нәтижелері салыстырмалы түрде ұсынылды.

КМГ еншілес мекемелерінде 242 горизонталды ұңғыма бұрғыланса, «Ембімұнайгаз» АҚ тиесілі осы тәсілмен бұрғыланған 62

ұңғыманың 61-і қолданыста. Жылдар бойынша сараласақ, 2019 жылы – 5, 2020 жылы – 9, 2021 жылы – 16, 2022 жылы 18, биыл 14 горизонталды ұңғымаларды бұрғылаған. Деректерге сүйенсек, горизонталды ұңғымалардың тәуеліктік көрсеткіші де вертикалды ұңғымалардан жоғары. Демек, тиімді әдіс екені дәлелденген. Осы ретте еншілес мекемелердің алдағы жоспарлары да таныстырылды. Соған сай, ЕМГ 2024 жылы С.Нұржанов, Шығыс Молдабек, Б.Жоламанов, Қарсақ кен алаңдарында жалпы саны 15 горизонталды ұңғымаларды бұрғылауды жоспарлауда.

Бұл бағыттағы ЕМГ тарапынан атқарылған жұмыстар мен жоспарларды «Ембімұнайгаз» АҚ Бас



директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары Қайрат Көзов және осы бағытта қызмет көрсететін «КМГ Бұрғылау» ЖШС мамандары таныстырды.

Кеңейтілген кеңес қатысушылары аталған тақырыпты толық зерделей келе, топқа бөлініп, 4 тақырыпты: Горизонталды ұңғымалар құрылысын жоспарлау, құрылысын жүргізу, горизонталды ұңғыманы аяқтау технологиясы және пайдалану мәселелерін талқылап, тиімді шешімдер ұсынды.



бөлімнің нәтижесінде полимерлі суландыруды өндіріске енгізу барысында өндірілетін сұйықты дайындау, технологияны жүзеге асыру асыру үшін участок дайындау және технологияның экономикалық және технологиялық тиімділігін арттыру, жалпы технологияның тиімділігін арттыру және жедел әрекет ету мақсатында полимерлік суландыруды бақылау тақырыптары бойынша ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Кеңейтілген кеңес қорытындысында қатысушылар сөз алып, бұл жиынның берері мол екенін атап өтті. Сонымен қатар, біліктілікті арттыру, тәжірибе алмасу мақсатында осы бастамаларды сәтті жүзеге асырып отырған шетелдік компаниялардың жұмысымен танысу іс-шараларын ұйымдастыру секілді ұсыныстарын жеткізді.

Өз кезегінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов Атырау жерінде өткен кеңейтілген кеңестің тиімді тұстарын атай келе, алаңымызда осындай тәжірибе алмасуға, маңызды мәселелерді талдауға берілген мүмкіндік үшін және ашық пікірлерін айтып, бұл



бағыттағы жұмыстарды жетілдіру, оңтайландыру бағытындағы ұсыныстары үшін қатысушыларға алғыс білдірді.

Жиын модераторы «КМГ Инжиниринг» ЖШС Бас директоры Мәлік Сәлімгереев басқосуда айтылған ұсыныстарды институт тарапынан қолдауға дайын, бірлескен жұмыстарды нәтижелі жалғастыра беруге мүдделі екендерін жеткізсе, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ өндіру департаментінің директоры Ержан Абылханов та тараптар үшін пайдалы болған жиын ұйымдастырушыларына алғыс білдірді.

ЕСЕПТІ ЖИЫН



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде Еңбек және қоршаған ортаны қорғау саласындағы 2023 жылдың 9 айлық қорытындысына арналған есептік жиын өтті. Оған Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен Орталық басқару аппаратының жауапты мамандары, мердігер мекемелердің басшылары мен өкілдері қатысты.

Еңбек және қоршаған ортаны қорғау мақсатында жыл басынан бері тоғыз ай мерзім ішінде атқарылған шаралардың есебіне арналған кеңейтілген жиында ЕМГ Бас директоры Сәбит Арынов Ембі өндірісінің жалпы көрсеткіштеріндегі басымдыққа ие негізгі шараларды атады.



атап өтті өз сөзінде С.Арынов.

Кеңейтілген жиында ЕМГ-нің соңғы 9 айдағы еңбек және қоршаған ортаны қорғау барысындағы өндіріс көрсеткіштері 2022 жылдың осы мерзім ішіндегі нақты мәліметтерімен салыстырмалы түрде баяндалып, талдау жасалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ аталған мерзім ішінде өндіріске байланысты жазатайым оқиғалар бойынша, нақтыласақ, адам өміріне қауіп

ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ

БИЫЛҒЫ 9 АЙДАҒЫ НӘТИЖЕМІЗ ҚАНДАЙ?

«Компания үшін басты құндылық – жұмысшының өмірін сақтай отырып, өндіріс жоспарын орындау. Ембі кен алаңтарында өндіріс қауіпсіздігін сақтауға үлкен жауапкершілікпен қарай отырып, барлық мердігер мекемелердің мамандарынан да талап етеміз. Сонда ғана біз көздеген мақсатымыз – өндіріс саласындағы қауіпсіз еңбек жүйесін қалыптастыра аламыз» - деп



төндірген қатерлі апатты жағдай, өрт қауіпсіздігінен, жол-көлік оқиғаларынан нөлдік көрсеткішке қол жеткізіп отыр.

Соңғы 7 жыл ішінде қоршаған ортаға ластанушы заттардың шығындарын тастау 50%-ға, факелдерде шикі газды жағу көлемі 93 %-ға, тарихи мұнаймен ластанған жерлерді рекультивациялау 717,452 мың тоннаға азайған.

Мердігер мекемелер өкілдерінің

қатысуымен өткен жиынға төрағалық еткен «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Елеусінов қауіпсіз еңбек мәдениетін қалыптастыру басты мақсат, талаптардың сақталуы ортақ мүдде екенін атап өтті. Тоқсан сайын өткізілетін аталған жиын барысында атқарылған жұмыстар сараланып, келенсіздіктер, жазатайым оқиғаларды болдырмаудың алдын алу үшін маңызды алаң екенін жеткізді.

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы Қайрат Сақтағанов жиында көтерілген әр мәселенің артында адам тағдыры мен қауіпсіздік мәселесі тұрғанын атай келе, бұл басқосударға мердігер мекемелердің басшылары қатысуы міндетті екенін қадап айтты.

Мердігер ұйымдар Компания тарапынан тексеру барысында қауіпсіздік және еңбекті қорғау, экологиялық талаптарды, соның ішінде жол ережелерін сақтауына қатысты айтылған ескертпелердің бүгінгі күнде шешімін табуына қатысты есеп берді.

Айта кетейік, қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ аумағында 4597 қызметкері бар 115 мердігер мекеме жұмыс жасауда.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның 2023 жылдың 9 айлық қорытындысына арналған есептік жиында ЕМГ бойынша алдағы уақытта қолға алынар нақты іс-шаралар жоспары пысықталып, тиісті мамандарға тапсырмалар берілді.

ПРОЕКТ

SERPIN: ИМПУЛЬС ДЛЯ

В АО «Эмбаунайгаз» завершился проект Serpin, в ходе которого молодые специалисты компании приобрели навыки и укрепили качества, способствующие профессиональному и личностному росту. В проекте приняли участие 28 работников, каждому из которых потребовалось немало фантазии, смекалки, творчества и выносливости, чтобы достичь целей.



Для прохождения трех модулей проекта участники были разделены на 4 команды: «Тікенек», «7Я», «Жеті Жол» и «Көшбасшы».

Первый обучающий модуль «Эмоциональный интеллект и эффективные коммуникации» прошел в августе этого года в г. Алматы. Участникам предстояло поработать над развитием эмпатии, навыков понимания и взаимопомощи, улучшением коммуникаций. Ребята учились управлять своими эмоциями, взаимодействовать с коллегами, открыто выражать свои мысли и чувства, а конфликты решать конструктивно, по принципу win-win.

В ходе второго модуля «Личная эффективность и навыки выступлений», организованного в сентябре в г. Актау, молодые работники осваивали техники ораторского мастерства и презентации, вырабатывали умение эффективно управлять временем и правильно расставлять приоритеты, быть убедительными при аргументации, уверенными в себе, последовательными при отстаивании своих идей.

Финальный модуль носил название «Лидерство в условиях неопределенности» и прошел в конце сентября в г. Атырау.

На основе полученных на тренингах знаний и умений каждая из команд представила домашнее задание, которое оценивало компетентное жюри под руководством заместителя генерального директора АО «Эмбаунайгаз» по кадровым и социальным вопросам Гульбану Шарафетдиновой.

Об эффективности Serpin можно было судить уже по выступлениям членов команд и их капитанов на завершающем этапе проекта.

Молодые работники представили проекты, каждый из которых был по-своему уникальным, излагали свои идеи эмоционально и увлеченно. И члены команд, и капитаны демонстрировали знание производственных реалий, эрудицию, логику и хороший контакт с аудиторией.

Команда «Тікенек», которая работала над темой физического и эмоционального благополучия молодых сотрудников, предложила внедрение актуальных трендов: well-being – забота о сотрудниках и crosslife – занятия спортом.

Команда «Жеті Жол» презентовала не менее интересный проект «5S» - систему бережливого производства на основе



Асем МАНГЕЛЬДИНОВА, директор ТОО «ASBG-Executive Business Skills»:

-В самом начале проекта они даже не знали друг друга. И на первом тренинге мы проводили упражнение на доверие: когда одному нужно было закрыть глаза и осуществить свободное падение. При этом за ним стоял второй человек. Всем было страшно, но потом им так понравилось, они так сблизились, а некоторые стали дома с детьми повторять не только это, но и другие упражнения. Учит их доверять друг другу, прорываться сквозь страх. Считаю, что за 2 месяца ребята интенсивно поработали и сделали большой прорыв. Какие классные презентации были показаны сегодня, выполненные на профессиональном уровне! Участники проекта получили мощный импульс, встряхнули «мягкие» навыки. В ближайшем будущем они станут агентами позитивных изменений в компании, проводниками идей и решения насущных проблем.

Айша МЕДЕУОВА, инженер сектора мониторинга активов финансового департамента, капитан команды «7Я»:

- Выражаю огромную благодарность руководству компании за организацию трехмодульного обучающего тренинга. Я получила возможность развивать свои «мягкие» навыки, и получила много интересных и полезных знаний касательно личной эффективности и лидерства, которые я планирую применять в будущем. Также этот проект стал отличной платформой для новых знакомств с коллегами из разных производственных структурных подразделений и реализации своего творческого и интеллектуального потенциала.

цифровизации и рационализации рабочих мест, что сегодня тоже актуально для многих предприятий.

Команда «7Я» представила на суд жюри инновационный проект «Telegram чат бот «Семья», направленный на укрепление коммуникаций в коллективе. По замыслу коллег, электронный коммуникатор должен быть многофункциональным и иметь разделы «Вакансии», «Объявления», «Проекты Эмбы», «Обратная связь» и многие другие, что позволит работникам компании быть в курсе всех событий.

Четвертая команда «Көшбасшы» предложила прорыв в культурном направлении, инициировав проект «Ембі дауысы». Конкурс, уверены авторы, позволит выявить таланты в области вокального и танцевального искусства, игры на му-

зыкальных инструментах, а победителей предложили поощрять не денежными призами, а участиями в мастер-классах, что также явится мотивирующим фактором.

Все проекты были яркими и реалистичными, но, по решению жюри, победителем была признана команда «7Я».

Поздравляя победителей, Гульбану Шарафетдинова отметила, что командой проведена большая и разносторонняя работа: был сделан сводный анализ, опрос, учтены все риски.

Второе место получила команда «Жеті Жол», третье место разделили «Тікенек» и «Көшбасшы». Всем командам были вручены Благодарственные письма и подарки.

Подытоживая результаты проекта, Гульбану Шарафетдинова поблагодари-

МОЛОДЕЖИ



Нияз СМАИЛОВ, «Кайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай МГӨШ-ның инженер-технологы, «Жеті жол» командасының капитаны:

- Бірінші модуль әр қызметкердің жеке тұлға ретінде дамуына, яғни, «Тиімді коммуникация» тәсілін қолдану арқылы және «Эмоционалды интеллект» ерекшеліктерін ескере отырып, тез және тиімді қарым-қатынас құруға жол көрсетті. Ал, екінші модуль - «Жеке тиімділік» бағдарламасы арқылы әр адамның өз орнын табуға «Сторителлинг» тәсілі керемет және оңтайлы шешім шығаруға әсер етті. Үшінші модуль «Тұрақты өзгерістер жағдайында көшбасшылық» жеке тұлғаның көшбасшы ретінде қалыптасуына және көшбасшылықтың жауапкершіліктерін қабылдау және тиімді пайдалануға оң әсерін берді деп ойлаймын. Serpin жобасы компаниямыздың жастарының арасында алтын көпір болды деп айтсам, артық болмас. Себебі, жастардың бір-бірімен танысуына, жаңа қарым-қатынас құруға, өздерін танумен қатар, жаңа қырынан танылуына да үлкен мүмкіндік берді.

ла молодых специалистов за активное участие, труд, творчество, талант и в частности сказала:

- Сегодня главное «топливо» для успешного бизнеса — это человек. Когда сотрудники компании в ресурсном состоянии, когда в коллективе соблюден оптимальный баланс физической, эмоциональной, умственной и духовной энергии, тогда компания достигает высоких результатов и работает на хорошем качественном уровне. Мы решили реализовать этот проект и назвали его Serpin, чтобы дать импульс потоку новых знаний, которые помогут нашим молодым работникам мыслить стратегически, принимать правильные решения, преодолевать кризисы, быть лидерами в своем окружении. В основе общего успеха компании всегда лежит личный успех сотрудников, поэтому, уверена, впереди нас ждет еще много интересных мероприятий для молодежи!

Саламат КОНЫС, специалист отдела по АХВ ДСПиАО, капитан команды «Тікенек»:

- Хочу в первую очередь поблагодарить руководство АО «Эмбаунайгаз» за предоставленную возможность приобрести качественные знания по разным направлениям. Особенно впечатлили организаторы тренинга, которые работали с каждым участником индивидуально. В данном проекте мы приобрели новых друзей и товарищей с разными взглядами на мир, но всех нас объединяет одно - процветание родной Эмбы.

Жанбакыт ДАУТОВ, инженер по безопасности и охране труда ДОТиОС:

- Я очень рад, что прошел модульное обучение в рамках проекта Serpin. Каждый из курсов был очень полезным и интересным. Курс по эффективным коммуникациям помог мне научиться лучше слушать и выражать свои мысли. Благодаря обучению по эмоциональному интеллекту я стал лучше понимать свои эмоции и эмоции других людей, что помогает мне взаимодействовать с коллегами и друзьями, более эффективно и строить гармоничные отношения. Курс по личной эффективности помог мне развить навыки планирования и управления временем. Теперь я лучше организован и умею ставить цели, чтобы достигать успеха в различных сферах жизни. Тренинг по лидерству в условиях постоянных изменений помог мне развить навыки адаптации к переменам и принятия решений в неопределенных ситуациях. Теперь я лучше понимаю, как управлять командой в условиях нестабильности. Я с нетерпением жду возможности применить эти знания на практике и достигать новых высот в своей карьере и жизни. Отдельная благодарность руководству АО «Эмбаунайгаз» за поддержку и развитие молодежи компании!

БІЗДІҢ МЕРДІГЕР

Мұнайлы Ембідегі мұнай-газ өндірісінің ұңғымаларын күрделі жөндеу жұмыстары 1953 жылы басталды. Дәл осы жылы «Кұлсарыдағы ұңғымаларды күрделі жөндеу кеңсесі» құрылды. Содан бері түп-тура 70 жыл уақыт өтті. Алайда ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, мекеменің аты өзгергенімен заты өзгермеді. Кұлсарыдағы мекеменің негізінде құрылған «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігі – осы тарихи кәсіпорынның тікелей ізбасары.

Осыған орай танымал өндіріс ошағының 70 жылдық мерейтойы қарсаңында компанияның Бас директоры Мұстахим Беркалиевпен сұхбаттасқан едік.

БАСТЫ МАҚСАТ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАРЫҚҚА ШЫҒУ

– Мұстахим Оңайұлы, мекеменің іргетасы қаланғанына биыл 70 жыл толды. Кәсіпорынның осы уақыттан бергі тарихына қысқаша көз жүгіртсеңіз.

– Қазақтың «қара алтыны» – мемлекет қазынасы. Ал шындап келгенде, бұл – ең алдымен жердің қазынасы, сол жерді мекен еткен елдің несібесі. Өткен ғасырларда қаншама ғалымдар мен саяхатшылар арнайы экспедициялар ұйымдастырып, біздің киелі қара топырағымыздың шынында да «түгін тартса май шыққан» құт мекен екендігіне көз жеткізді. Міне, сол ізденістің арқасында, ғасырдан астам уақыт бұрын Ембідегі ұңғымадан тұңғыш мұнай бұрқағы атқылады. Аппақ шағыл құмдар мен қатып-семіп жатқан таулы-тасты қиыр далаға содан бастап жан бітті. Жер қойнауындағы «қара алтын» қазақтың қазанына олжа салды, қарапайым халық үшін тіршілік көзіне айналды. Сол игіліктің жарқын бастамасы болып еліміздегі мұнай өндірісінің қарашанырағы саналатын «ЕмбіМұнайГаз» өндірістік бірлестігі құрылды. Сонымен қатар жалпы мұнай өндірісіне қатысты көптеген сервистік мекемелер дүниеге келді. 1953 жылы құрылған «Кұлсарыдағы ұңғымаларды күрделі жөндеу кеңсесі» де солардың бірі болды. Осылайша өңіріміздегі ұңғымаларды күрделі жөндеу жүйесі қалыптаса бастады.

– Мекеменің атауы да содан бері сан мәрте өзгеріске ұшыраған болар?

– 1987 жылы бұл мекеме «Кұлсары ұңғымаларды күрделі жөндеу және мұнай қабаты өнімділігін арттыру Басқармасы» деп аталды. Ал 1994 жылы «Атырау ұңғымаларды күрделі жөндеу және мұнай қабаты өнімділігін арттыру Басқармасы» болып өзгерді. 2008-2016 жылдары аралығында «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» СБК ЖШС-і құрамында ұңғымаларды күрделі жөндеу бөлімі болды. 2016 жылы «ҚазТатМұнайСервис» ЖШС деген дербес серіктестік болып қайта құрылды. Одан соң 2017 жылғы 18 мамырда мекеменің атауы «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС болып өзгертілді.

Қалай десек те, осы ширек ғасырдан астам уақытта кәсіпорынның атауы мен құрылымы қанша өзгергенімен, заты өзгерген жоқ. Ол «Кұлсарыдағы ұңғымаларды күрделі жөндеу кеңсесінің» тікелей ізбасары болып қала береді.

– Кәсіпорынның тыныс-тіршілігі мен алға қойған мақсат-міндеттеріне тоқталсаңыз?

– «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігі – «Ембімұнайгаз» АҚ, трансұлттық Total және IC Petroleum секілді компаниялардың бас мердігері. Оның қызмет ету аймағы да алуан түрлі. Сонысына қарай бес күрделі жөндеу учаскелері бар. Олар: Прорва, Доссор, Мартыши, Total және Қаратөбедегі ұңғымаларды күрделі жөндеу учаскелері. Осы аймақтарда компанияның жүздеген қызметкерлері күні-түні жұмыс істеуде. Сонымен қатар осы жұмыстардың дұрыс орындалуын басқару, ұйымдастыру, бақылаумен айналысатын мекеме аппаратындағы мамандар да жұмыла еңбек етуде. Әр бөлімнің өзіндік спецификасына сәйкес атқаратын жұмыстары да әртүрлі. Күнделікті технологиялық процестердің дұрыс жүргізілуі үшін барлық деңгейдегі басшылар мен мамандар қажымай-талмай қызмет атқаруда.

– Мекеменің соңғы уақыттағы үлкен жетістігі деп қандай жобаны айтар едіңіз?

– 2022 жылдың қараша айында халықаралық Total компаниясының көршілес Маңғыстау облысында орналасқан «Дунга» кен орнындағы жұмыс көлеміне қол жеткіздік. Қазіргі уақытта осы кен орнында әлемдік мұнай нарығында танымал Halliburton және «Ембі» жобасында Baker Hughes компанияларымен ынтымақтаса отырып, іскерлік қарым-қатынастар орнатып, халықаралық стандарттар бойынша бірлесе қызмет атқарудамыз.

Мекеменің алдағы уақыттағы негізгі мақсаттарының бірі – қазіргі қол жеткізген жетістіктерден айрылып қалмай, табысын арттыра отырып, халықаралық нарыққа шығу және әлемдік мұнай-газ өндірісінде сервистік қызмет көрсететін отандық озық компанияға айналу. Қазіргі уақытта осы мақсатқа жету жолында кәсіпорын басшылығы бірталай шаралар қабылдап, жүйелі жұмыстар атқаруда.

Хайдар ТҮЯҚОВ,
«ҚазТехМұнайСервис» ЖШС
қызметкерлерді басқару бөлімінің бастығы



БІЗДІҢ СҰХБАТ

«КӨЛІКТЕРДІ ЖАҢАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖАЛҒАСУДА»

Көлік саласы – мұнай-газ кешені үшін маңызды бағыттардың бірі. Өндіріс басындағы жұмыстардың уақытылы, сапалы жүргізілуі үшін арнайы техникалардың жеткізілуі мен құрал-жабдықтармен қамтылуы, жолаушылар тасымалын үйлестіру – аталған сала атқаратын көп жұмыстардың бір бөлшегі ғана. Олай дейтін себебіміз де жоқ емес. Өйткені, бұл салаға қатысты қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы жаңа технология, әдіс-тәсілдердің енгізілуі – көптеген Компанияларға үлгі.

Бүгінгі таңда Компания балансында 400-ден астам көлік болса, соңғы уақыттарда олар жаңартылуда. Осы бағыттағы жұмыстарды нақты білу мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ Көлік бөлімінің бастығы Мәлік Төресәевпен арнайы сұхбаттастық.



– Мәлік Қапанұлы, ең алдымен, қолданыстағы көліктердің жаңартылуына қатысты жоспардың жалпы принципін атап өтсеңіз.

– Әрине, адам өмірі мен өндіріс қауіпсіздігі басты мақсат десек, өндірісті арнайы көліктермен қамту, техникаларды ауыстыру, қызмет көрсетуін уақытылы жүргізілуі – негізгі ұстанымдар қатарында.

2020 жылға дейін баланстағы техникалар үнемі жаңартылып тұратын. Қолданыстағы 10 жылдан кейін транспорттар баланстан шығарылып, сатылымға қойылады. Арнайы бағдарлама болды. Кейін пандемия салдарынан 2 жылдай уақыт тұрып қалды. Биыл қайтадан жанданды.

– Қазіргі таңдағы нақты көрсеткіштер қандай?

– Биыл өндіріске қажетті 34 көлік алу жоспарланып, қазіргі таңда 17-і алынды. Қалғандары бекітілген мерзімге сай жеткізілуде.

– Салаға қатысты мәселелердің қаралу тәсілдері қандай?

– Компанияның басшылық құрамы үнемі өндірісті аралап, сол жердегі маман, жұмысшылармен кездескен кезде түрлі тақырыптардағы сауалдар қойылады. Олардың арасында біздің салаға қатысты мәселелер де көтеріледі. Жолданған әр сауалға жауап беру, көтерілген тақырыптың шешімін

табу үшін жұмыстанамыз. Соның анық бір дәлелі – «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы үшін алынған 2 көлік. Біреуі – жолаушылар тасымалына арналған, екіншісі ұңғымаларға сервистік қызмет көрсетуі жөнделу мақсатында алынған – үстінде кран манипуляторы бар жол талғамайтын арнайы көліктер. Өйткені, аталған басқарманың аумағындағы жер, топырақтың құрамына байланысты, қыстыгүні де сор жер қатпай, балшығы езіліп, қатынасты қиындатады. Өндірістегі ұңғымаларға жете алмай, жұмысшылар үшін де ыңғайсыздықтар туындайды. Бұл мәселе осыдан 1-1,5 жыл бұрын көтерілген еді. Осы бағытта



жұмыстанудың нәтижесінде арнайы жоспарға енгізіліп, шешілді.

– Бұл ретте жаңғыртулардың жолаушылар тасымалы саласына да қатысты жүргізілінін айта кетуге болатын шығар...

– Әрине. «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына 45 орындық үлкен автобустар шығарылды. Осы мәселе де қызметкерлер тарапынан көтерілген проблемалардың бірі еді. Өйткені, бұрын қолданыстағы автобустар қыста салқын, жазда ыссы, сөмкелерді салатындай мүмкіндік жоқ болатын. Бұл мәселе де шешімін тапты.

Жалпы, бұл атағандарым – жоғарыдағы сөзіме сай, жұмысшы-қызметкерлер тарапынан көтерілген мәселенің оңтайлы шешілуінің көрінісі. Айта кеткен жөн болар, техникалардың санын көбейтпей, жаңарту жұмыстарын жүргізу – басты принциптеріміз қатарында.

– Жолдар сапасы да жиі көтерілетін мәселелердің бірі екенін ескерсек, осы тақырыпқа қатысты не айтар еліңіз?

– Рас. Өндірістегі жолдар, ішкі аралық жолдардың сапасы да қызметкерлерді алаңдатады. Осыдан біраз жылдар бұрын аталған проблеманы шешуде «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларында болған автогрейдер көлігі көмекке келуші еді.

Яғни, жол салуға мүмкіндік болмағанымен, қолданыстағы жолдар аталған транспортпен тегістелетін. Уақыт өте келе, олар тозып, жарамсыз күйге енді. Қазіргі таңда бұл мәселе мердігерлер арқылы, яғни, келісім-шарт негізінде «Қызмет көрсету» жүйесіне



шығарылып, көтерілген тарифпен тендер өткізілді. Нәтижесінде анықталған мердігер компания 4 мұнай-газ өндіру басқармасына 4 жаңа автогрейдер көлігін шығарып, 3 жылдық келісімшартқа отырдық.

Қазіргі уақытта жолдардың жағдайы жақсарды. Бұрын Алтыкөл, Комсомол кен алаңдарына жету өте қиын болатын. Бұл күнде бұрынғы асфальттарды қопарып, тегістеп, «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы мамандарының бірлескен жұмысы нәтижесінде жолдың сапасы жақсарды. Әр басқарма өз жоспарларына сай, график жасақтап, жұмыстарды атқаруда.

– Аталған жүйеге қатысты, яғни, мердігер мекемелер арқылы тағы қандай жұмыстар жоспарлануда? Жалпы, неше мердігер мекеме бар?

– Құны қымбат, шығыны көп көліктерге қатысты арнайы зерттеу жасап, оларды келісімшарт арқылы мердігер мекеменің қызмет көрсету жүйесіне шығару бағытында жұмыстанудамыз.

Көлікпен қамтамасыз ету саласында қазіргі таңда 10 мердігер мекеме жұмыс жасауда. Олардың қатарында өндірістік-құрылымдық бөлімшелердегі автобус арқылы жолаушы тасымалын, жеңіл көлікпен тасымалдау қызметтерін көрсететін, жүк көліктері, өндіріс басында қолданылатын жедел және арнайы техникалар бар.

Қоғамның балансындағы арнаулы техникаларға техникалық қызмет көрсететін 4 мердігер мекеме бар. Келісім-шарттарда уақытылы техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын кідіріссіз орындау

қаралған, алайда бұл сала әлемдік нарыққа да бағынышты. Демек, қазіргі таңдағы геосаяси ахуал да салқынның тигізуде. Өйткені, осы уақытқа дейін көліктердің көпшілігі Ресейден келеді. Қазіргі таңда шекарадан өткізудегі қиындықтарға сай, бұл бағыт та зерделенуде. Өйткені, көлік бұзылып қалып, құрал-жабдық келгенше жұмысын тоқтататын болса, бұл мәселе жүргізушінің жалақысына да әсерін тигізеді. Соған сай, соңғы уақыттарда аталған келеңсіздіктерді болдырмау мақсатында көліктерді Қытайдан алдырту мәселесі де қарастырылуда.

Бір марканы ұстану – біз үшін тиімді әдіс. Алайда, тез арада түгел жаңарту мүмкін емес. Сондықтан, тиімді тұстардың барлығын да сараптамадан өткізудеміз. Өйткені, қандай шешім қабылдасақ та, таразының бір басында – өндірістің тоқтамауы тұрса, екінші басында – жұмысшының жалақысы, яғни, тұтастай әлеуметтік жағдайы тұрады.

– Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Қазіргі таңда ұзақмерзімдік жоспар жасақтап, соның аясында сұраныстарға сай тендерлер өткізілуде. Сонымен қатар, «Қайнармұнайгаз» және «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларына қатынайтын жол сапасының артуына байланысты жолаушы тасымалы үшін автобус шығаруды сұрайды. Осыны ескере келе, вахталық ауысымды тастың жайлы автобустар бөлуі жоспарлаудамыз.

Жалпы, көлікпен қамтамасыз ету жұмыстары жүйелі түрде жалғаса береді.

– Сұхбатыңызға рахмет! Жұмыстарыңызға табыс тілейміз!



РЕДАКЦИЯДАН:
Компанияның көлік саласының бастығы атап өткен мәселелерді көріп, өндірістегі осы салаға қатысты жалпы ахуалмен танысу үшін «Доссормұнайгаз» МҒӨ басқармасына келдік.

Бұндағы жағымды істер мен жаңалықтарды жеткізген көлікпен қамту тобының жетекшісі Алтынбек Қанатбаев

жалпы ахуалды таныстырып өтті.

Қазіргі таңда басқарма балансында 97 бірлік көлік бар екенін атаған ол биыл мұнай тасымалдайтын 2 автокөлік алынғанын айтып өтті. «Жыл соңына дейін 7 техника келеді. Барлығы да – өндіріске қажетті арнайы техникалар. Соңғы бес жылда жүргізілген жұмыстар нәтижесінде, 2018 жылы – 19, 2019 жылы

– 12, 2020 жылы – 8 көлік келді. Кейін тоқтап қалып, биыл қайта жанданды. Осы жұмыстардың нәтижесінде көлік базасының 80 %-дан астамы жаңарды» дейді басқармадағы жауапты сала жетекшісі.

Автогрейдердің келуімен жол қатынасы жақсарғанын атаған А.Қанатбаев екінші жартыжылдықтан бастап, өз жұмысын бастаған арнайы техника Доссор-Ақтау тас жолынан Комсомол, Алтыкөл кен алаңдарына дейінгі 11 және 31 шақырымдық жолдарды тегістегенін жеткізді. Қазіргі уақытта жоспарға сай, жұмыстарды атқаруда.

Қызметкерлер үшін жайлылықты қамтамасыз ету мақсатында арнайы автобустар шығарылуы туралы мәселені де сұрадық. «Үлкен класты 3 автобус шығарылды. Бірі күнделікті Атырау қаласынан қатынайды. Сонымен қатар, 1 қыркүйектен бастап, ауысымдық жұмыс қызметкерлерін Доссор және Мақат поселкелерінен Шығыс Мақат кен алаңына алып келеді. Осы жұмыстар нәтижесінде басқармадағы жолаушылар тасымалына қатысты мәселе түбегейлі шешілді» дейді Алтынбек Жеңісұлы.

Жолаушылар үшін жасалған осынау игі іске қатысты пікірін білдірген басқарманың геологы Мереке Бисенғалиева да бұрын мұндай жағдай жасалмағанын айтады. «Балаларым кішкентай, көпбалалы анамын, вахтада жүргенде қатты алаңдайтын едім. Қазір күн сайын үйге қатынап, жайлы автобуспен барып келеміз. Осындай мүмкіндіктер туғызып, қызметкерлерді қолдағаны үшін алғыс айтамыз» дейді ол.

«Доссормұнайгаз» МҒӨ басқармасына қарасты 2 автоколлонна бар. Шығыс Мақатта 42, Ботақанда 40 арнаулы техника бар. Көліктерді жаңарту жұмыстары жоспарға сай жүрде. Кен алаңдарының арасы қашық болғандықтан әрі жол сапасы нашар болғандықтан, көп ретте мұнай тасымалдау көлігі тез тозады. Осы сұраныстарымыздың бәрі ескеріліп, биыл осындай 2 көлік алдық» деген аталған басқарманың арнаулы техника және арнайы көлік колоннасы бастығының орынбасары Нұрлан Калиев те қазіргі ахуалды айтып өтті. Бұл пікірлерді жалғаған цементтеу агрегатының машинист-тракторисі Айболат Қапақов та табысты еңбек ету үшін жағдайлар қарастырылғанын жеткізді.

ФОРУМ

KAZENERGY қауымдастығының ұйымдастырумен Астана қаласында өткен Әйелдер энергетикалық клубының EmpowerHER Energy Forum VI Форумына еліміздің энергетика саласындағы компаниялардың өкілдері, мемлекеттік басқару органдарының қызметкерлері қатысты. Олардың қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ-ғы «Мұнайшы қыз» клубының мүшелері де бар.

Форумның мақсаты - еліміздің энергетика саласында еңбек етіп жатқан әйелдердің ролін көтеру, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік орнату. Нәзік жан иелерінің қызмет пен отбасының тіршілігін қатар алып жүруге мүмкіндік ашатын форумға отандық және шетелдік сарапшылар қатысып, қазақ қоғамындағы көрсеткіштерді әлемдік деңгейге көтеру жайлары бойынша ойларын ортаға салды.

Форумға қатысушылардың қызығушылығын аударған мәселенің бірі – «Бүгінде көптеген әлем елдерінде кең қолданысқа енген ESG стратегиялық бағыттың біздің елде қанат жаюы қандай деңгейде?» деген сауал төңірегінде болған пленарлық сессия. Сессияда спикерлер өздерінің ұстанымдарын нақты дәлелдерге

«МҰНАЙШЫ ҚЫЗ»

КЛУБЫНЫҢ МҰШЕЛЕРІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФОРУМҒА ҚАТЫСТЫ



сүйеніп, тұшымды тілмен жеткізуге тырысуы болды.

Форумдағы пленарлық сессиялардың біріне «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының экономика және қаржы

жөніндегі орынбасары, «Мұнайшы қыз» клубының төрайымы Рысты Тасмағамбетова модератор болып, «Декорбанизация мен көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің келешегі»

мәселесі бойынша спикерлермен пікір алмасты.

Пленарлық сессияда спикерлер болған Қырғыз еліндегі Әйелдер Ассоциациясының Президенті Алтынай Абдыкеримова, Smart Volt компаниясының Бас директоры, ВИЭ Qazaq Green Ассоциациясы Директорлар Кеңесінің мүшесі Айнұр Соспанова, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай-газ университетінің ректоры-Басқарма төрағасы Гүлзада Шауликова, «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының менеджері Клара Цыханова, «Рейтинговое Агентство ESGQ» ЖШС директоры Ерлік Қаражан экономиканың тұрақты дамуында ESG қағидаттарының роліне жан-жақты тоқталды. Сессияның соңында залда отырған қатысушылар спикерлердің пікіріне сүйене отырып, автоматты дауыс беру жүйесі арқылы өз ұстанымдарын да білдірді.

Айта кету керек, биыл «Мұнайшы қыз» клубының құрылғанына 5 жыл. Ембілік мұнайшы қыздардың жеке тұлға ретінде дамуына, жұмыс пен отбасының тіршілігін қатар өрбітуге жол ашу, салауатты, саналы ұрпақты тәрбиелейтін денсаулығы мықты әйелдер деген қағиданы ұстанған клуб өзінің мерейтойын алдағы желтоқсан айында республикалық деңгейде атап өтуді ұйғарып отыр. Онда еліміздің энергетика саласында табысты еңбек етіп жүрген қыздар мен мұнай-газ секторындағы қазақстандық компаниялардың басшылары бас қосады деп күтілуде.

ТҰСАУКЕСЕР

Сафи Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде отандық мұнай-газ саласының дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған майталман мұнайшыларды ұлықтаған тағылымды шаралар легі өтті.

директорының орынбасары Рысты Тасмағамбетова авторлардың еңбегін айрықша атап, тарихи деректер, архивтік құжаттар негізінде жазылған кітаптың маңыздылығына тоқталды.

«Әр тарихтың өз бастауы болатыны анық. Соған орай, ғасырлық белесті бағындырған Ембі өндірісінің қалыптасу кезеңін баяндамас бұрын кітап авторлары өлкенің зерттелу шағынан бастап, сыр шертеді. Тарихи деректер, архивтік құжаттардың түпнұсқасын жариялай отырып, сол жылдардың оқиғалар тізбегін көз алдына әкеліп, оқырманын баурай түседі.

ЭКОЧЕЛЛЕНДЖ

ТАБИҒАТ – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ



«Ембімұнайгаз» АҚ басты құндылықтарының бірі – қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа деген жанашырлық. Соған сай, аталған стратегиялық мәселелерді басты ұстанымдары ретінде айқындаған ЕМГ таяуда экологиялық сенбілік ұйымдастырды.

Компанияның 100 жылдық мерейтойына орай Атырау қаласы тұрғындарына тарту етілген «Мұнайшылар даңқы» аллеясындағы көшеттер отырғызу акциясына ембіліктер белсенді қатысты.

Аталған іс-шара ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің және Атырау облысы бойынша экология департаментінің «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» республикалық эко-

акциясын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ экочелленджін қолдау мақсатында ұйымдастырылды.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының экологиялық бастамасын қолдау аясында біздің Компания қызметкерлері 80 шетен ағашының көшеттерін отырғызды. Мұнайшылар аллеясы – қаламыздағы жасыл аймақтардың бірі әрі қала тұрғындарының сүйікті демалыс орындарының қатарында. Бұл жерді ЕМГ бір жылдан астам уақыттан бері күтіп ұстауда. Сондықтан да, Республика күні – ұлттық мерекесі аясындағы іс-шараның маңызы зор.

Қоршаған ортаны күтіп ұстау, оналту шараларын жүзеге асыруды дәстүрге айналдырған «Ембімұнайгаз» АҚ таяуда көгалдандыру шараларын табысты іске асыруы нәтижесінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның арнайы марапатына ие болды. Компаниямыз жергілікті әкімдік тарапынан бізге бөлінген

жасыл белдеуге былтыр 9 мың көшет отырғызса, биыл 14 мыңнан астам көшет отырғызу жоспарланған. Қазіргі таңда жыл соңына дейін аталған жобаны аяқтау бағытындағы жұмыстар жүргізілуде» дейді «Ембімұнайгаз» АҚ еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов.

Экологиялық жауапкершілік және қоршаған ортаға қамқорлық туралы идеяларды ілгерілету – ортақ мақсат. Осы орайда айта кетейік, «Ембімұнайгаз» АҚ бұл эстафетаны КРІ компаниясынан қабылдап алған болатын.

Экобастаманың қорытындысымен «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы Қайрат Сақтағанов экочелленджі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жолдады.

Даңқты Ембінің ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ

Ең алдымен, аталған оқу орнының базасындағы Н.Балғымбаев коммуникацияларды дамыту орталығында «Мұнайшылар даңқы» қабырғасы жаңа ескерткіш тақталармен толықты. Бөлекбай Сағынғалиев пен Қосан Тасқынбаевтың есімдері, Оғай династиясы жазылған тақталар университет төрінен орын алды.

Бұдан соң, жаңадан жарық көрген қос кітаптың тұсаукесері өтті. Салтанаты шараны жүргізген Мемлекеттік сыйлық иегері, геология-минералогия ғылымдарының докторы Балтабек Қуандықов бұл кітаптардың қай-қайсысы да үлкен еңбектің жемісі, жастар үшін де, сала зерттеушілері үшін де маңызды ролге ие екенін айрықша атады.

Қалың оқырманға жол тартқан жаңа кітаптың бірі – «Вековая история славной Эмбы». Былтыр ғасырлық белесті бағындырған Ембі өндірісінің тарихына арналған жаңа кітаптың авторлары – Қосан Тасқынбаев пен Гүлнар Тауманова.

«Ембімұнайгаз» АҚ қаржыландыруымен жарық көрген жаңа кітаптың тұсаукесер рәсіміне қатысқан ЕМГ Бас

Ембі мұнайшыларының ерлікке пара-пар еңбектерін сипаттай отырып, алғашқы қара алтын өндіруші майталман мұнайшылар туралы егжей-тегжейлі жазғаны да – оқырман үшін үлкен олжа. Жалпы айтқанда, бұл кітаптан өзімізге беймәлім тарихи деректерді тауып, көптеген мағлұмат алдық. Осы жерде аталған саланы толық зерттеп, құнды еңбекке айналдырған авторлар туралы айрықша айта кеткеніміз жөн. Ембі өндірісінде өзіндік қолтаңбасы қалған, мұнайшылар династиясының көрнекті өкілі, осы саланың «қазанында қайнаған» Қосан Мыңбайұлының бастамасымен жарық көрген кітаптың басқаша болуы да мүмкін емес. Мұнайшы кәсібінің сырына қанық ғалымның осы тақырыпта кітап жазу туралы арманы бүгінгі күні ақиқатқа айналып отыр.

Сонымен қатар, кітап шығаруға тер төккен автор Гүлнар Ерғожақызы да – Ембі өндірісінің бастауында тұрған даңқты мұнайшылар отбасының ұрпағы, өзі де осы саламен етене таныс. Бірнеше жылдар бойы архив құжаттарын ақтарып, көне тарихты қазбалаған автор еңбегі үшін алғыс білдіреміз» деді ол.



Көтеріңкі көңіл-күй, достық пейіл, корпоративті тұтастық, жаңа таныстық. Осындай жағымды атмосферада «Ембімұнайгаз» АҚ «Жасампаз Ембі – Жас Ембі» ұранымен өткен «Жас мамандар күнін» қорытындылады. Компанияның жас қызметкерлері екі күн бойы түрлі форматтарда өткен іс-шараларға белсенді қатысып, қызықты, танымды сәттерді бастан кешірді.

Жігерлі, жалынды жандарды бір арнаға тоғыстырған бұл атаулы шара осымен төртінші рет өткізіліп отыр. Кейінгі буынды қолдау, ынталандыруға баса мән беретін Компания ғасырлық тарихы бар Ембінің білікті, білімді жас мамандарымен, мұнайшылар әулеттерінің бүгінгі ұрпағымен жасампаз екенін осы шара арқылы айшықтай түсті.

Жасмамандар күнінің ашылу салтанатына қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Гүлбану Шарафетдинова:

«Ембімұнайгаз» АҚ жас мамандардың кәсіби және

тұлғалық дамуына мүмкіндіктерді ашу бағытында ауқымды жұмыстарды жүргізіп келеді. Жас мамандар күнін өткізудегі мақсатымыз – жастарды Компанияның өндірістік және стратегиялық міндеттерін шешуге белсенді атсалысуға ынталандыру, сондай-ақ, жас мамандардың кәсіби дамуына жағдай жасау, олардың бойында корпоративтік құндылықтарды қалыптастыру» деп атап өтті.

Іс-шараға 21 мен 35 жас аралығындағы 100 жас маман қатысты. Олардың 10 пайызы – қыздар, қалғандары – жас жігіттер. Қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің ұйымдастыруымен жүзеге асқан бастама қатысушыларының қатарында Компанияға жаңадан жұмысқа алынған, яғни, 2022-2023 жылдары қызметке қабылданғандар бар. Сонымен қатар, қарапайым жұмысшы мамандық иелеріне басымдық берілген.

Алдымен, Qazaqsha Quiz-ден бастау алған интеллектуалды сайыс қатысушылары ғылым, тарих, логика, музыка, кино

тақырыптарымен қоса, өз салалары – мұнай-газ тақырыбына қатысты сауалдарға да дәл, ұтымды, қызықты жауаптар ұсынды. Бұдан соң, ашық аспан астында, таза ауада ұйымдастырылған сайыс та бір мүдде, бір мақсатқа жұмылған жастарға ұмытымас сәттер сыйлады.

Кейін «Қаржылық тәуелсіздік» және «Өзіндік тиімділікті арттыру арқылы кәсіби жетістікке жету жолдары» тақырыбындағы салалық спикерлердің тренингтері де ембілік жастардың заман ағымына сай, қажетті білімді игерулеріне мүмкіндік ашты.

Ал, қорытынды шара барысында түрлі жағдайлар туындаған кезде

тақырықтан шығу, аудиториямен жұмыс жасау, баспасөз конференциясын өткізу сынды қабілет-қарымдарын шыңдаған жас мамандар белсенділік таныту, ой-тұжырымды дәл жеткізу,

сауал жолдау, резонансты жағдайларды оңтайлы шешу секілді біліктіліктерді де меңгерді.

Екі күндік іс-шараның соңғы кезеңінде «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Марат Елеусінов жас ембіліктермен бір толқында әңгіме өрбітіп, лауазымдық жетістіктерге жету жолына қатысты қатысушылардың сауалдарына жауап берумен қоса, Компанияның алдағы жоспарлары, кен орындарының қазіргі ахуалы секілді мәселелерді «Кешкі шәй» форматында ұйымдастырылған ашық сұхбат алаңында талқылады.

Сонымен қатар, Ембі жастары доп тебуден шеберліктерін

шыңдап, ептілік танытқандар сыйлыққа ие болды.

Ал, ең басты марапат иелері – өндірістегі процестерді ілгерілету, кәсіпорынның әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерін шешу мақсатында жас кадрлар арасында ұйымдастырылған байқау жеңімпаздары.

Ұсынылған көптеген жоба арасынан үздік 3 жоба авторлары анықталып, дипломмен марапатталды. Олар – Сержан Аязбаев, Әли-Мұхамед Шағыраев және Нияз Смаилов (жоба авторы – Нұртас Бекболатов). Бұған қоса, 6 қатысушы түрлі номинациялар бойынша марапатталды. Сахна төріне шыққандардың барлығына «Жобаларды басқару» тақырыбындағы семинар-тренингке жолдама берілді.

Әли-Мұхамед ШАҒЫРАЕВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Қосшағыл мұнай-газ өндіру цехінің аға инженері:

– «Ембімұнайгаз» АҚ жас буынға үлкен мүмкіндіктер қарастыруда. Соның бір дәлелі – осынау шара. Байқауға тербелмелі қондырғылардың шығынын азайтып, олардың жұмыс жасау уақытын ұзарту, жалпы процесті оңтайландыру жобасын ұсындым. Қоршаған ортаға зиян тигізбеу, жұмыс үрдісін жеңілдетуді мақсат тұттық. Бұл жерде қаржылық тиімділік те көзделген. Күнделікті көріп, бетпе-бет кездесіп жүрген жағдайларды саралай келе, осындай жоба жасақтадым. Бұл қондырғыны 4 басқармаға да қолдануға болады.

Бүгінгі таңда біздің басқармаға қарасты 562 тербелмелі қондырғы бар, солардың басым көпшілігінің игерілу уақыты таяу. Солардың жұмыс жасау мерзімін сақтау, ұзартумен қатар, қоршаған ортаны қорғау, өндірістік мәдениетті арттыру мақсатын да көздедім. Ең басты принципім – жеңу емес, жұмысты оңтайландыру тетігін ойластыру, сол арқылы еңбек өнімділігін арттыру.

Сержан АЯЗБАЕВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Терең-Өзек цехінің Қаратон телімінің мұнай өндіру операторы:

– Тербелмелі қондырғының аспалы қанатын ауыстыруға арналған құрал жобасын дайындауға 2 айға жуық уақытымды жұмсадым.

Жалпы алғанда мұнай өндіру операторы болып еңбек етіп жүрген тәжірибемнен бұл тақырып маған етене таныс. Жұмыс барысында бұл мәселе алдымыздан шығатындықтан, жалпы идеясын ойластырып, жан-жақты зерттеп, зерделедім. Оның жарыққа шығуына осы байқау түрткі болды. Негізгі мақсат – жұмыс процесін жеңілдету.

Қазіргі уақытта мұнай өнеркәсібіндегі штангалы терең сорап көмегімен мұнай өндіру ұңғысының тербелмелі қондырғысы жоғары-төмен үздіксіз қозғалыста тұрады. Соның әсерінен аспалы қанаты үзілетін жағдайлар және траверса қанатын орнына келтіру

жиі орын алады. Ондай кезде қондырғыны тоқтатып, арнайы көлік арқылы немесе үстіне шығып, ауыстырылады. Қанаттың ауырлығы себепті қауіпсіз еңбек талаптарын сақтауды естен шығармаймыз, қолайсыз ауа-райынан болатын жанама әсерлерді де ұмытпау қажет. Осындай факторлар жалпы жұмыстың тоқтап тұру уақытын да ұзартып түседі. Сондықтан, тез әрекет етіп, жұмыс барысын жедел жолға қойып, жалғастыру үшін ойластырылған құралдың көмегі тиіріне сенімім мол.

Жастар күніне бірінші рет қатысуым, жаңа орта тауып, достық шекарамызды кеңейттік. Өте қызықты, танымдық деңгейде өтті. Барлық мүмкіндіктерді жасап, өте жоғары деңгейде өткізген ұйымдастырушыларға алғыс айтамын.

Нияз СМАИЛОВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай МГӨШ-ның инженер-технологы:

– Бұл байқауға Шығыс Молдабек кен орны бойынша Юра қабатындағы ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңін ұзартуға қатысты жоба ұсындық. Жоба авторы – жазатайым оқиға салдарынан қаза тапқан әріптесім Нұртас Бекболатов. Әріптес інімнің осынау бастамасы аяқсыз қалмасын деген ағалық ниетпен және аталған жобаның өндірістегі тиімділігін ескере отырып, соңына дейін жеткізуге жұмыстандым.

Еңбек өтілім – 7 жылды құрайды. Жастар күніне 2 рет қатысып отырмын. Қатысушы ретінде үлкен әсер алдым, көтеріңкі көңіл-күйді, жоғары деңгейде өтті. Ұйымдастырылған әр шарадан жаңа инсайд алдым.

«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Г.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgep.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgep.kz

Г.Әмірова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmgep.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

М.Елеусінов – Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова – Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова – Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

Қ.Сақтағанов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшы;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Қ.Тулеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Г.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.